

**Ұлытау облысы білім басқармасының
Сәтбаев қаласы білім бөлімінің
«№7 жалпы білім беретін мектебі» КММ**

**ӨЗІН - ӨЗІ БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ
БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Мазмұны

1	Кіріспе	3
2	1-бөлім. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы	4
3	2-бөлім. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымын бағалау	5
4	Қорытынды	150

КІРІСПЕ

«№7 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің өзін-өзі бағалауы Қазақстан Республикасы "Білім туралы" Заңының 59-бабының негізінде, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына, «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» РММ-нің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына сәйкес жасалды. Өзін-өзі бағалау бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымының қызметін талдауды қамтыды.

Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкестігі ұсынылған білім беру қызметтерін талдаудан тұрады, олар:

- оқу нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны;
- білім алушылардың және тәрбиленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі;
- білім алушылардың дайындық деңгейі;
- оқу мерзімі.

Өзін-өзі бағалау материалдарын 01.04.2024 жылғы №4 педагогикалық кеңесі отырысында және мектеп директорының бұйрығымен бекітілген комиссия дайындады.

Бұйрық, педагогикалық кеңес хаттамасынан үзінді, жоспар, (сілтеме)

1-бөлім. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы.

Мектептің құжаттары төмендегі сілтемеде берілген

Білім беру ұйымының толық атауы:

қазақ тілінде: Ұлытау облысы білім басқармасының Сәтбаев қаласы білім бөлімінің «№7 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

орыс тілінде: коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа №7» отдела образования города Сатпаев управления образования области Ұлытау

Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы):

Қазақстан Республикасы, 101302 Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 20 ғимарат

Телефон/телефакс: 8(71063)34746

Басшының тегі, аты, әкесінің аты: Оспанов Дастан Бағдатович

Электронды мекен-жай: 7school_satpayev@satp-sch.edu.kz

Мектептің сайт: <https://satp-sch7.edugov.kz/>

БСН 001240002719 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

Ұлытау облысының әділет департаменті Жезқазған қаласының ауданаралық әділет басқармасы 22.09.2022ж

Рұқсат беруші құжаттар

Лицензия: №KZ42LAA00033395 Берілген күні 01.02.2023 жыл. «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ұлытау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі.

2-бөлім. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымын бағалау.

1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

1) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – **ҮОЖ) сәйкестігі.**

Мектепте оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына сәйкес орындалады. Білім беру үрдісін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету жыл сайын тиісті оқу жылының Нұсқаулық-әдістемелік хатындағы құжаттар тізбесі негізінде жүзеге асырылады.

Оқу жұмыс жоспарлары үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді. Оқу жұмыс жоспарында инвариативті және вариативті компоненттердің апталық және жылдық жүктемесі бар, білім беру салалары мен оқу пәндері көрсетілген. Оқу жұмыс жоспары жыл сайын педагогикалық кеңестің отырысында талқыланады.

Оқу жұмыс жоспарлары

2021-2022 оқу жылының оқу жұмыс жоспары

Бастауыш білім беруді ұйымдастыру

1-4-сыныптардағы білім беру үрдісі ҚР БҒМ 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығымен бекітілген типтік оқу жоспарының 1 қосымшасымен жүзеге асырылады. Оқу қазақ тілінде жүргізілетін 1-сыныптарға «Әліппе» енгізілді. 2021-2022 оқу жылынан бастап 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Цифрлық сауаттылық» пәні 1- сыныптарға, 3-сыныптарға «Цифрлық сауаттылық» жылдың басынан енгізілді. 4-сыныпта 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына сәйкес Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пәні оқытылады.

1-4-сыныптардағы Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған түзете дамыту сыныптарында білім беру үрдісі ҚР БҒМ 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығына 4-қосымша, 6 тарау ,Оқыту қазақ тіліндегі жүргізілетін психикалық дамуы тежелген оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарымен жүзеге асырылды.

5-11-сыныптардағы білім беруді ұйымдастыру

5-9 сыныптардағы оқу үрдісі ҚР БҒМ 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығымен бекітілген типтік оқу жоспарына оқу қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар – 6-қосымша арқылы жасалған.

5-9 сыныптардағы Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған

түзете дамыту сыныптарында білім беру үрдісі ҚР БҒМ 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығына 9-қосымша, 6 тарау, Оқыту қазақ тіліндегі жүргізілетін психикалық дамуы тежелген оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарымен жүзеге асырылды.

Оқу қазақ тілінде жүргізілетін 10-сыныпта оқу жұмыс оқу жұмыс жоспары ҚР БҒМ 2021 жылғы 20 тамызда №415 бұйрығымен бекітілген типтік оқу жоспарының 31-қосымшасы негізінде жасалды.

Оқу қазақ тілінде жүргізілетін 11-сыныпта оқу жұмыс жоспары ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 наурызда №125 бұйрығымен бекітілген типтік оқу жоспарының 22-қосымшасы негізінде жасалды.

2022-2023 оқу жылының оқу жұмыс жоспары

Бастауыш білім беруді ұйымдастыру

1-4-сыныптардағы білім беру үрдісі ҚР ОАМ 2022 жылғы 12 тамыздағы

№365 бұйрығымен бекітілген типтік оқу жоспарының 1- қосымшасымен жүзеге асырылады. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1-сыныптарына мынадай өзгерістер енгізілді:

«Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылады;

«Шетел тілі» және «Орыс тілі» пәндері оқытылмайды;

«Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»;

1-4-сыныптардағы Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған түзете дамыту сыныптарында білім беру үрдісі ҚР ОАМ 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы 4-қосымша, 6 тарау, Оқыту қазақ тіліндегі жүргізілетін психикалық дамуы тежелген оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарымен жүзеге асырылады.

5-11-сыныптардағы білім беруді ұйымдастыру

5-9-сыныптардағы оқу үрдісі ҚР ОАМ 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен бекітілген типтік оқу жоспарына (оқу қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар – 6-қосымша арқылы) сүйеніп жасалған.

5-9 сыныптардағы Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған түзете дамыту сыныптарында білім беру үрдісі ҚР ОАМ 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы 9-қосымша, 6 тарау, Оқыту қазақ тіліндегі жүргізілетін психикалық дамуы тежелген оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарымен жүзеге асырылады.

2022-2023 оқу жылында вариативтік компонент сағаттарының есебінен білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруды көздейтін «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы 5-8-сыныптарға 0,5 сағаттан, 9-сыныпта 1 сағат енгізілді.

Оқу қазақ тілінде жүргізілетін 10-11-сыныптарда ҚРОАМ 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен бекітілген типтік оқу жоспарының 86-қосымшасы негізінде құрылды.

2023-2024 оқу жылының жұмыс оқу жоспары

Бастауыш білім беруді ұйымдастыру

1-4-сыныптардағы білім беру үрдісі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығымен бекітілген (ҚР ОАМ 2023 жылғы «18» тамыздағы № 264 бұйрығымен өзгертілген) типтік оқу жоспарының 1-қосымшасымен жүзеге асырылады. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1-сыныптарында «Әліппе», «Ана тілі» пәндерін оқыту жалғастырылады, 2-сыныбында «Орыс тілі» пәнін оқыту басталады.

1-2- сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндерін, 3-4-сыныптарда

«Көркем еңбек» кіріктірілген пәнін оқыту жалғасады.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 25,26 тармақшаларына сәйкес 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады, "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

1-4-сыныптардағы Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған түзете дамыту сыныптарында білім беру үрдісі ҚР ОАМ 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығы 4-қосымша, 6 тарау, Оқыту қазақ тіліндегі жүргізілетін психикалық дамуы тежелген оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарымен жүзеге асырылады.

5-11-сыныптардағы білім беруді ұйымдастыру

5-9-сыныптардағы оқу үрдісі ҚР ОАМ 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен бекітілген типтік оқу жоспарына (оқу қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар – 6-қосымша арқылы) сүйеніп жасалған.

5-9 сыныптардағы Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған түзете дамыту сыныптарында білім беру үрдісі ҚР ОАМ 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы 9-қосымша, 6 тарау, Оқыту қазақ тіліндегі жүргізілетін психикалық дамуы тежелген оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарымен жүзеге асырылады.

2023-2024 оқу жылында вариативтік компонент сағаттарының есебінен білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруды көздейтін «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы 5-8-сыныптарға 0,5 сағаттан, 9-сыныпта 1 сағат енгізілді.

Оқу қазақ тілінде жүргізілетін 10-сыныпта оқу жұмыс жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығымен бекітілген (ҚР ОАМ 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығымен өзгертілген 22-қосымша) типтік оқу жоспарының 22-қосымшасына сәйкес жасалды.

Оқу қазақ тілінде жүргізілетін 11-сыныпта оқу жұмыс жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығымен бекітілген (ҚР ОАМ 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы 39-қосымша) типтік оқу жоспарының 86-қосымшасына сәйкес жасалды.

Ұлытау облысы оқу-әдістемелік орталығының ұсынуымен қазақ бөлімінің 2, 9 арнайы сынып, 10, 11-сыныптарында «Алтын Арқа» курсы жүргізіледі.

Қосымша білім беру ресурсын пайдалану білім алушыларға әлем туралы тұтас түсінік қалыптастыруға, жеке тұлғаның қызығушылықтары мен қажеттіліктерін дамытуға жағдай жасауға мүмкіндік береді. Оқу жоспары 11- сынып оқушыларына өздерінің жалпы мәдениеттілігіне, оқу материалын игеруде кәсіпалды құзыреттілігіне, мектеп бітірушілердің өмірлік жағдайларға бейімделе алуына ықпал етеді және алдағы уақытта ЖОО табысты білім алуына немесе түрлі салада еңбек етуге негіз болады. 10-11 сыныптарға «Жаһандық құзыреттілік» курсы 1 сағаттан енгізілді.

Оқушылардың апталық жүктемесінің максималды көлемі білім беру объектісінің

санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына сәйкес.

Осылайша, "№7 жалпы білім беретін мектебі" КММ 2021-2022, 2022- 2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған оқу жұмыс жоспарлары базалық пәндер бойынша орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын орындайды, мектеп жұмысының басым бағыттары пәндері бойынша білім беру стандарттарының мазмұнын кеңейтеді және толықтырады, функционалдық сауаттылықты дамыту оқушылар мен негізгі және пәндік құзыреттіліктерге қол жеткізуді, оқушылардың өзін-өзі анықтауын қамтиды. Оқу жүктемесінің нормалары санитариялық-гигиеналық талаптардан аспайды және "Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық- эпидемиологиялық талаптар" қағидаларына сәйкес келеді.

Сабақ кестесі

Мектепте жұмыс тәртібі – 5-күндік жұмыс аптасы Оқу 2 ауысымда өткізіледі. Сабақ және қоңырау кестелері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес (Министрліктің бұйрықтарына сәйкес өзгерістер мен толықтырулармен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-20 және 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76) сәйкес құрылған.

Сабақ кестелері 2021-2022, 2022-2023 оқу жылында «Bilimal» электронды журналына орналастырылды, 2023-2024 оқу жылында «BilimClass» электронды журналына енгізілді. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылының «Bilimal» электронды журналында сабақ кестесінде түзету компоненті, таңдау бойынша пәндер және элективті курстарды енгізу қарастырылмаған, ол пәндердің орны ашық қалдырылды. 2023-2024 оқу жылында «BilimClass» электронды журналында инварианттық компонент, вариативтік компонент, түзету компоненті, сынып сағаты сабақ кестесі бөлімінде жазылған. Инварианттық компонент, вариативтік компонент, түзету компоненті сабақ кестелері мектеп директорымен бекітілген.

(2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының сабақ кестелері төмендегі сілтемеде көрсетілген)

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында оқу жұмыс жоспарының инвариантты компоненттің базалық мазмұнын игеру «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496с бұйрық) негізінде жүзеге асырылды.

2023-2024 оқу жылында «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) жүргізілді.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламасындағы инвариантты компоненттегі пәндер «Bilimal», «BilimClass» электронды журналдарындағы күнтізбелік-

тақырыптық жоспарларынан қаралып, тексерілді. Барлық инварианттық пәндер бойынша оқу бағдарламалары игерілген. Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылған. Білім беру ұйымдарында оқып білуге міндетті бастауыш білім беру мазмұнының құрамы, құрылымы мен көлемі негізіндегі оқу бағдарламаларының көлемі әр пән бойынша «Bilimal», «BilimClass» электронды журналдарында қамтылған. Негізгі орта білім берудің әр білім беру саласы бойынша базалық мазмұны білім алушылардың тиімді әлеуметтенуіне ықпал ететін рухани, әлеуметтік және мәдени тәжірибелерін одан әрі дамытуды қамтамасыз ететін, жеке тұлға ретінде өзін-өзі танытуына және кәсіптік бағдарлануына, сондай-ақ білім алушылардың бейіналды даярлығына бағытталған оқу бағдарламаларын қамтыған. Жалпы орта білім берудің базалық мазмұны жаратылыстану-математикалық бағытында бейінді оқытудың міндетті оқу пәндері мен бейіндік оқу пәндері бойынша анықталған.

3) Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

(Үш жылғы тәрбие жоспарлары төмендегі ссылада)

Тәрбие үдерісі - бұл тұлғаның тәрбиелік деңгейі, ол оқушының қоршаған әлеуметтік ортамен және жалпы қоғаммен әрекеттестікке дайындығымен сипатталады. Осы дайындықты анықтау және айқындау үшін диагностика-оқушының даму үдерісі мен нәтижелеріне талдау жүргіземіз. Ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеу мақсатында сынып жетекшілер оқушының тәрбиелік деңгейін бақылайды.

Тәрбие жұмысы бойынша әкімшілігінің сапалық құрамы:

Оқу жылы	Тәрбие жөніндегі орынбасарлар	Әлеуметтік педагог	Педагог-психолог	Аға тәлімгері	Педагог-профориентатор	–
2021-2022	2	1	2	1	1	
2022-2023	2	1	2	1	1	
2023-2024	1	1	2	1	1	

2021-2024 оқу жылдарындағы тәрбие жұмысы барлық білім беру ұйымдарында оқу процесінің тәрбиелік компонентін күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарға сәйкес жүргізілді.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру үшін нормативтік-құқықтық база негізге алынды:

1. БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. 2011 жылғы 26 желтоқсандағы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі;
4. "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 8 тамыз;
5. "Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы" 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Қазақстан Республикасының Заңы;

6. "Балаларды денсаулығына және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі №169-VI Қазақстан Республикасының Заңы;
7. "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
9. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы;
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру жағдайында тәрбиелеудің тұжырымдамалық негіздері.

Мектептің тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде оқушылардың жас, дене және зияткерлік мүмкіндіктері ескеріледі. Мектептегі тәрбие жұмысы білім беру мазмұны, сыныптан тыс және мектептен тыс педагогикалық жұмыстар арқылы жүзеге асырылады. Осыған байланысты біздің мектепте сыныпта да, мектепте де тәрбие қызметін сауатты жоспарлауды және ұйымдастыруды көздейтін тәрбие жүйесі бар. Мектептегі тәрбие жұмысы негізінен оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетін, қосымша білім беруді, оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамытуды, отбасын педагогикалық процеске қосуды қамтиды. Бұл өзара іс-қимылдың мақсаты – жауапкершілік тәжірибесін үлкендерден кішіге беру, баланың ересектермен және құрдастарымен ынтымақтастығы түрінде тұлғаны әлеуметтендіру негізін құру.

Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар болып табылады.

Мектептің тәрбие жұмысының мақсаты – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Өзін-өзі дамытуға, оқушылардың жеке басын өзін-өзі анықтауға, олардың қоғамда сәтті әлеуметтенуіне жағдай жасау.

Міндеттері:

- 1) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін құрметтеуге, конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;
- 2) оқушыларда оқу іс-әрекетіне оң тұрақты мотивацияны, білім беру мен өзін-өзі тәрбиелеудің өмір мен қызмет үшін маңыздылығын түсінуді дамыту.
- 3) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты, сыни ойлау мен функционалдық сауаттылықты, проблемаларды өз бетінше шешу қабілетін дамыту үшін жағдай жасау жолымен интеллектті байыту; отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ және Қазақстанның басқа этностары мен этникалық топтарының тарихын, салт-дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік, орыс, шет тілдерін меңгеру;
- 4) елдің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;
- 5) жеке тұлғаның экономикалық ойлауын және кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі жүзеге асыруына саналы көзқарасын; табиғатты сақтаудағы белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылық пен мәдениетті дамыту;

- 6) балаларды тәрбиелеу үшін ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және жауапкершілігін арттыру, жастарды дені сау отбасын құруға, отбасы институтын нығайтуға саналы түрде қатысуға дайындау;
- 7) әлеуметтік маңызы бар балалар, отбасы және ата-аналар бастамаларын, балалар қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау;
- 8) балаларды тәрбиелеуде жалпы және қосымша білім беру жүйесінің рөлін арттыру, сондай-ақ дене шынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру;
- 9) балаларды тәрбиелеу саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру;
- 10) балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.
- 11) кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтар мен қадағалаусыз қалудың алдын алу және жасөспірімдер арасында нашақорлықтың алдын алу бойынша жұмыс істеуге, «тәуекел» тобындағы балаларды мектеп, сынып өміріне, үйірмелер, секциялар сабақтарына қатысуға барынша тартуға құқылы.
- 12) оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту бағдарламасына сәйкес кеңінен қолдану.

«Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» демекші, білім мен тәрбие үздіксіз бірге жүретіні ақиқат. Тәрбие мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру үдерісінде, сабақтан тыс уақытта және білім алушылардың бос уақытында жүзеге асырылады. Осы орайда, мектептегі тәлім мен тәрбиенің негізгі бастамасы ретінде 1-11 сынып жетекшілері мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, оқу жылына негізделген тәрбие жоспарын жасады. Мектепшілік атқарылатын тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттері бекітілген кешенді мақсатты білім беру бағдарламасының барлық бағыттарын қамтыды. Бұл кешенді білім беру бағдарламасы келесі бағыттарды қамтиды:

Тәрбие қызметінің басым бағыттары:

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиеберу;
2. Рухани-адамгершілік тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.
9. Мектепшілік бақылау жүйесін іске асыру көрсеткіштері:
 - 1) объективтілік – әзірленген көрсеткіштер мен өлшемшарттарды көрсете отырып, нормативтік құжаттаманың негізінде педагогтердің қызметін тексеру;
 - 2) пәрменділік – тәрбие процесіне қатысушылардың барлығының қызметінде оң өзгерістердің болуы (сынып жетекшілер ӘБ, әлеуметтік педагог, тәлімгер, педагог-психолог, кітапханашы, пән мұғалімдері) және бақылау барысында анықталған кемшіліктерді жою. Тәрбиелік жұмыстың алқалық басқаруын қамқоршылық кеңесі, ата-аналармен жұмыс орталығы, сынып жетекшілердің әдіс-бірлестігі құрылымдары арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, жеке тұлғалармен жан-жақты тәрбие жұмысын ұйымдастыруда оқушылардың құралған Мектеп Парламенті жұмыс жасауда. Сонымен қатар «Жас қыран», «Жас ұлан» ұйымдары, «Қылықты қыз» қыздар клубы, «Жас жол инспекторлары», «Жас өрт сөндіруші», «Жас құтқарушы» жасақтары, «Мейірім» еріктілер командасы, «Жұлдыз» жас

зерттеушілер алаңының жұмыстары тәрбие жұмысында оң нәтиже береді. Білім алушыларды белсенді позициялы, бәсекеге қабілетті, зиялы, рухани, елжанды рухта тәрбиелеу мақсатында іске қосылған республикалық, облыстық, қалалық және мектепшілік жобалардың берер пайдасы мол. Мектеп республикалық, облыстық «Қоғамға қызмет ет», «Өнегелі өмір», «Бір отбасы – бір кітап», «Отбасы сағаты», «Оқуға құштар мектеп», «Сарыарқа саңлағы», «Ұшқыр ой алаңы» жобаларын іске асыруда белсене қатысып, түрлі форматта іс-шаралар жүргізуде. Сондай-ақ қалалық “Ең жасыл кабинет” жобасын, мектепшілік «Менің таңдауым» жобасы табысты іске асырылуда.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін іске асыру барысында тәрбие қызметі 8 бағыт бойынша ұйымдастырылады.

Бірінші бағыт: жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие беру.

Мақсаты: патриот пен азаматтың Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасы, мемлекеттің және қоғамның заңдарын ұғыну мен сақтау, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұру, баланың және жасөспірім ортасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын ұлтжанды азамат қалыптастыру.

Міндеттері: Конституцияға, ҚР заңнамасына құрмет көрсетуге тәрбиелеу, мемлекеттік рәміздер, азаматтық ұстанымды, өз Отанына деген мақтаныш пен оны қорғауға деген ұмтылысты қалыптастыру, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, әлеуметтік және діни толеранттылық мәдениетін тәрбиелеу, мектеп оқушысы тұлғасының оң әлеуметтенуіне жағдай жасау.

Дүйсенбі сайын оқушылар Қазақстан Республикасының әнұранын орындайды. Мемлекеттік мерекелерде, атаулы күндері ҚР әнұраны мен ҚР Мемлекеттік рәміздерін қою рәсімі барлық ережелер бойынша орындалады. Салтанатты жиындар әнұранды орындаудан және туды көтеруден басталады. Еліміздің мемлекеттік рәміздерін құрметтеуді насихаттау мақсатында кітапханада "Тәуелсіз Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері" тақырыбында көрме ұйымдастырылды. Бастауыш сынып мұғалімдері оқушылардың бойында қазақстандық патриотизм, мақтаныш және өз елінің жетістіктері мен табыстарын құрметтеу сезімдерін тәрбиелеу үшін "Еліміздің мақтанышы" тақырыбына суреттер көрмесін ұйымдастырды. Барлық сынып жетекшілеріне Қазақстан Республикасының әнұранын орындау кезіндегі мінез-құлық ережелері және мемлекеттік рәміздерді дұрыс және лайықты пайдалану туралы оқушылардың ата-аналарымен түсіндіру сұхбатын өткізу қажеттілігі туралы ұсыныстар берілді. Оқушыларды патриоттық және құқықтық тәрбиелеу үшін келесі іс-шаралар өткізілді: Конституция күніне, Білім күніне арналған сынып сағаттары мен салтанатты жиындар, жауынгер–интернационалистерді шақыра отырып «Жас сарбаз» кадет сыныбы білім алушыларымен кездесулер, «Жас Ұлан», «Жас Қыран» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына кіргізу шаралары жүргізілді. “№7 жалпы білім беретін мектебі” КММ білім алушылары “Жас ұлан” және “Жас қыран” балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылданды.

Екінші бағыт: рухани-адамгершілік тәрбие.

Мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани- адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдік қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Міндеттері: оқушылардың бойында дүниетанымның адамгершілік мәдениетін қалыптастыру, адамгершілік, мінез-құлық және адамгершілік өзін-өзі тәрбиелеу дағдылары, сондай-ақ қарым-қатынас мәдениеті туралы білімді қалыптастыруға ықпал ету, позитивті

дүниетанымды қалыптастыру, адамгершілікке өз міндеттеріне, өзіне, қоғамдық тапсырмаларға адал қарым- қатынас орнатуға тәрбиелеу.

Рухани-адамгершілік тәрбие бағытына байланысты атаулы күндерге арналған балалар суретінің конкурстары мен көрмелері; қабырғалық газеттер мен плакаттар конкурстары; музыкалық конкурстар, Жаңа жыл қарсаңында кабинетті үздік ресімдеуге арналған конкурс; Жаңа жылдық құттықтаулар конкурсы; Қазақстан Республикасы күніне арналған "Қыран елім - Қазақстан" жалпы республикалық патриоттық акциясына қатысу, әскери әндер конкурстары, патриоттық әндер сайысы өткізілді.

"Жақсылық жасап жарысайық", "Мектепке жол" акциясы - аз қамтылған, көп балалы және қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған балалардың өзге де санаттарына әлеуметтік көмек және қолдау көрсету. Балалардың әлеуметтік себептер бойынша сабаққа келмеу себептерінің алдын алу (киім, аяқ киім, мектеп керек-жарақтарының болмауы). Мектеп мұғалімдерінің ұжымы "Менің таңдауым – балаларға көмектесу" ұранымен жыл сайын белсенді азаматтық ұстанымын көрсетіп, "Мектепке жол" республикалық акциясына қатысады.

"Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңын іске асыру, Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауын орындау, оқушылардың қазақ, орыс және ағылшын тілдерін үйренуге деген көзқарасына қатысты өзін-өзі тануын қалыптастыру, азаматтық борышын тәрбиелеу, ұлтаралық келісім мақсатында мектепте Тілдер күніне арналған іс-шаралар өткізілді.

Үшінші бағыт: ұлттық тәрбие

Мақсаты: тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

Міндеттері: қазақ халқының тілін, тарихы мен мәдениетін құрметтеуге, оның үздік дәстүрлерін сақтауға және дамытуға тәрбиелеу, Қазақстанның басқа халықтарының дәстүрлерінің мәдени ерекшеліктерін зерделеу, қабылдау және құрметтеу.

Ұлттық тәрбие аясында жыл бойы мектепте бірқатар іс-шаралар өткізілді. Күзгі каникул кезінде дене шынықтыру пәні мұғалімдері "Асық", "Тоғызқұмалақ" ұлттық ойындарынан мектеп жарыстарын өткізді, "Балалар кітабы апталығы" атты кітап көрмесі өтті. Наурыз мерекесі қарсаңында айтыс ұйымдастырылып, оған мектептің оқушылары мен ата-аналары қатысты. "Қазақстан – біздің ортақ үйіміз" Наурыз мерекесіне арналған сыныптан тыс іс-шаралар, "Қош келдің, Наурыз!", "Көктем мерекесі - Наурыз" тақырыбындағы сынып сағаты. Сынып сағаты барысында балалар мереке тарихымен танысты, қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы көп нәрсе білді. Наурыз айында біздің мектеп оқушылары "Домбыра үні" челленджіне қатысып, "Ерке сылқым" күйін ойнады.

Төртінші бағыт: отбасылық тәрбие

Мақсаты: ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық, педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Міндеттері: отбасылық құндылықтардың маңыздылығын түсіндіру, отбасындағы қарым-қатынасты жақсартуға жәрдемдесу, отбасының барлық мүшелеріне қатысты жауапкершілікті тәрбиелеу, мектеп пен отбасы арасында жемісті ынтымақтастық орнатуға ықпал ету.

Мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуінің мақсаты – педагогикалық процестің барлық қатысушылары (балалар, ата-аналар, мұғалімдер) жайлы, қызықты және пайдалы болатын бірыңғай білім беру кеңістігін құру. Мұндай одақ балаға тәрбиелік және дамытушылық

әсерлердің дәйектілігіне бағытталған. Барлық тәрбие жұмысының ажырамас бөлігі-отбасымен тығыз қарым-қатынас. Оқушыларды тәрбиелеу кезінде ата-аналар мен мұғалімдердің қарым-қатынасының негізгі тәсілдері ата-аналар конференцияларын, сынып және жалпы мектеп жиналыстарын, жеке кездесулерді, консультацияларды, дөңгелек үстелдерді ұйымдастыру, ата-аналар мұғалімдермен байланыса алатын немесе кеңес алатын телефон желісін ұйымдастыру болып табылады. Мектепте ата-аналармен үздіксіз жұмыс жүргізілуде. Ата-аналар мектепте жаңа жылдық ертеңгіліктер, мерекелер өткізу кезінде үлкен көмек көрсетеді.

Ата-аналармен тақырыптық жалпы мектептік және сыныптық жиналыстар өткізіледі, онда оқушылардың үлгеріміне, қауіпсіздігіне, жаңа жылдық іс-шараларды өткізуге, жеке әңгімелесулерге байланысты мәселелер шешіледі, мамандармен кездесулер ұйымдастырылады. Отбасы тәрбиесіне арналған апта аясында 5-11 сыныптарда "Отбасыдан қымбат ештеңе жоқ" тақырыбында сынып сағаттары өтті. "Менің үйім – менің отбасым" қарым-қатынас сағаты, "Отбасы – адам тұлғасының бесігі" семинар-практикумы, "менің тату отбасым" суреттер көрмесі өтті. Ата-аналарға арналған Ашық есік апталығы аясында ата-аналар мұғалім сабағына кіріп, баласының оқуы мен үлгерімін және мектептегі бір күнін тамашалай алатын іс-шаралар өткізілді. Ата-аналарға арналған ашық есік күнінде концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, мектептің белсенді ата-аналарына алғыс хаттар табыс етілді және психолог Е.Ж.Серикбаева тренинг өткізді.

Тәрбие процесінің бірлігін белгілеу, ата-аналар қауымын мектеп өміріне белсенді қатысуға тарту, Отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайту мақсатында жалпы мектеп және сыныптық ата-аналар комитеттері жұмыс істейді.

Ата-аналар мен білім алушылардың бірлескен қоғамдық маңызды қызметін ұйымдастыру бойынша бірқатар сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді: Алтын күз мерекесі, жаңа жылдық мерекелер, "Әкем, анам, мен – спорттық отбасы" спорттық жарыстары, ата-аналардың белсенді көмегімен жәрмеңкесі өткізілді, онда балалар ата-аналарымен бірге түрлі тәттілер пісіреді, сатады, алтабысы қайырымдылыққа жұмсайды.

Ата-аналар лагерьлерді, мерекелік ертеңгіліктерді бітіру кештерін ұйымдастыруда сынып жетекшілерінің көмекшілері болып табылады. Ата-аналарға балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша педагогикалық ағарту ұйымдастырылды. Ата-аналар дәрісінің кейбір тақырыптары: "сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу", "балаларды қалай қорғауға болады", "Қауіпсіз интернет", "қорқыту", "Қауіпсіз мұз", "Күн режимі", "Қауіпсіз жаз". Әсіресе сынып жетекшілерінің сыныптан тыс іс-шараларға ата-аналарды тарту жүргізілді.

Бесінші бағыт: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

Мақсаты: тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін қалыптастыру.

Міндеттері: өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру, еңбек қызметінің әртүрлі түрлеріне адал және шығармашылық қарым-қатынас жасау, туған өлкенің табиғатын зерттеу, оның сұлулығы мен ерекшеліктеріне баса назар аудару, табиғатқа деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты қалыптастыру, табиғи байлықты көбейтуге ынталандыру. Экосфераны тұрақты ұстап тұру және өмір салтын, басымдықтары мен құндылықтар жүйесін өзгерту қажеттілігін білетін азаматтарды тәрбиелеу оқушылар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытының мақсаты болып табылады.

Мектеп оқушылары үнемі "Таза мектеп ауласы" акцияларына қатысады, мысалы, қазанда "Тазалық денсаулық кепілі", "Құстарға ұя жасайық!" акциялары ұйымдастырылады. Қыркүйекте мектепте "Менің гүлім" акциясы ұйымдастырылып, балалар гүл тұқымын әкеліп,

ұстаздарының көмегімен топыраққа отырғызды. Болашақта олар гүлге күтім жасайды, суарады, ал көктемде мектеп алаңына отырғызады. Жыл сайын мамыр айында мектеп жанындағы учаскені абаттандыру және көгалдандыру бойынша олар жаз бойы өз қызметін ұйымдастырады. Бұл қызметте экологиялық тәрбие маңызды рөл атқарады, бұл біздің аймақ үшін маңызды.

Алтыншы бағыт: Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру. Міндеттері: сынып оқушыларының сабақтан тыс жұмыста өздерінің жеке қабілеттерін тең дәрежеде көрсетуіне жағдай жасау, шындықты, эстетикалық қабылдауды қалыптастыру, өзінің және басқалардың жетістіктерін бағалау, өз жетістіктеріне қуану және басқалардың сәтсіздіктері үшін қайғыру қабілеттерін дамыту, оқуға деген құштарлығын сақтау, өзіне деген сенімді нығайту. "Ұшқыр ой алаңы" оқушылардың пікірсайыс қозғалысы жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру шеңберінде білім алушылардың командада жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді, қарама-қарсы пікірге құрметпен қарауға, өз көзқарастары мен пайымдауларын белсенді қорғауға үйретеді. Апта сайын мектеп оқушыларымен әзірленген іс-шаралар жоспарына сәйкес сабақтар өткізілді. Оқу кезеңінде сабақтарда пікірталас жаттығуларымен қатар клуб қатысушылары арасында турнирлер өткізілді. Пікірсайысшыларды дәлелдерді салыстыруға және олардың әлсіз жақтарын табуға үйрету мақсатында "Үкімет корпусын құру", "Оппозиция корпусын құру", "Тараптардың позицияларын салыстырмалы талдау" атты үш шеберлік сыныбы өткізілді. Жұмыс сыни тұрғыдан ойлау жаттығулары түрінде құрылды. Оқушылар кейбір тезистің пайдасына да, оған қарсы да дәлелдер келтіретін мақалалардың мәтіндерімен жұмыс істеді және сол дәлелдерді салыстырып, олардың сенімділігін бағалау қажет болды. Мектеп фракциялары қалалық, облыстық деңгейдегі дебат турнирлерінен құр алақан қайтқан емес. Биік нәтиже - Облыстық дебат турнирінен Бас жүлде.

Жетінші бағыт: Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

Мақсаты: тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

Міндеттері: оқушылардың зияткерлік дамуында ілгерілеуі үшін жағдай жасау; оқушылардың зияткерлік мәдениетін қалыптастыру, олардың ой-өрісі мен қызығушылығын дамыту. Сынып жетекшілері, мұғалімдер балаларда сұлулық сезімін, отандық және шетелдік мәдениетке деген қызығушылықты, шығармашылықта өзін табуға деген ұмтылысты қалыптастырады, оқушылардың мәдени бос уақытында қызығушылығын оятады. Мектепте көптеген дәстүрлі іс-шаралар өткізілді: Білім күні, Мұғалімдер күні, Халықаралық әйелдер күні – 8 наурыз, Наурыз, Соңғы қоңырау. Сыныптарда суреттер көрмелері өткізілді. Мұғалімдер мен оқушылардың республикалық, облыстық, мектеп және аудандық іс-шараларға белсенді түрде қатысты. Оқу жылында өткізілетін іс-шаралар әр түрлі іс-шараларға көптеген балаларды тартуға мүмкіндік берді, бұл әр оқушының шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Сегізінші бағыт: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Мақсаты: салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Міндеттері: оқушылардың өз денсаулығын сақтау және жетілдіру мәдениетін қалыптастыру; оқушыларды физикалық және психикалық денсаулықты сақтау бойынша алдыңғы ұрпақтың тәжірибесі мен дәстүрлерімен таныстыру. «Денсаулық фестивалі-2022» акциясы аясында мектепшілік жарыс. 5-6 сыныптарда: «Мінез-құлық этикасы», «Өнегелі адамның қасиеттері: мейірімділік, адалдық, тектілік, әдептілік, істердің пайдалылығы», «Ұлдар мен қыздардың гигиенасы». 7-8 сыныптарда: «Адамгершілік - жыныстық тәрбие», «Өзің адамгершілік қасиеттерін бағалау». 9-11 сыныптарда - «Ұлдар мен қыздар арасындағы қарым-қатынас: қыздың ар-намысы және ер жету». «Адамның адамгершілік қасиеттерін өзін-өзі бағалау». «Сіздің жеке өміріңіздегі бақытқа жетелейтін жол» тақырыптары қамтылды. Қараша айында «Спид» орталығының дәрігері Касимова Г.Ж. орта мектеп оқушыларымен кездесу өткізді, жастардың адамгершілік және жыныстық өмірі туралы бейнематериалдар ұсынылды. Медицина қызметкері сынып жетекшілерімен және директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарымен бірлесіп "салауатты өмір салты" бағдарламасын іске асыру бойынша келесі іс-шараларды өткізді.

1. Туберкулезге қарсы күрес күнін өткізу, 4-5 сынып оқушылары арасында диктанттар өткізу;
2. Гинекологтың шақыруымен жоғары сынып қыздары арасында дәрістермен әңгімелер өткізу;
3. Темекі шегудің алдын алу, нашақорлыққа қарсы күрес күні жүргізіледі;
4. Балалардың жол-көлік жарақаттарының алдын алу жөніндегі онкүндік;
5. Респираторлық вирустық инфекциялардың, тұмаудың және пневмококк инфекциясының алдын алу айлығы;
6. ЖИТС-пен күрестің алдын алу бойынша семинар-тренинг өткізілді;
7. "Дұрыс тамақтану" дөңгелек үстелі.

2021-2024 оқу жылдарындағы тәрбие жұмысын іске асыру бойынша сандық көрсеткіш

Бағыты	2021-2022		2022-2023		2023-2024	
	Саны	Қамтылуы	Саны	Қамтылуы	Саны	Қамтылуы
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу.	39	100%	50	100%	11	100%
Рухани - адамгершілік тәрбие	20	100%	29	100%	3	100%
Ұлттық тәрбие	11	100%	29	100%	2	100%
Отбасылық тәрбие	10	100%	27	100%	4	100%

Еңбек, экономикалықжәнеэкологиял ықтәрбие	13	100%	46	100%	5	100%
Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	16	100%	28	100%	11	100%
Көпмәдениетті және көркем- эстетикалық тәрбие	28	100%	47	100%	6	100%
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	16	100%	31	100%	12	100%
Барлығы	155	100%	287	100%	54	100%

2023-2024оқу жылында тәрбиенің жаңа бағдарламасы негізінде жаңа оқу жылының басынан төмендегі кестеде көрсетілген іс-шаралар ұйымдастырылды.

Құндылықтар	2023 – 2024 ж.ж.		
	Түрі	Іс-шаралар саны	Қамту
Ұлттық мүдде	1. 5-қыркүйек А.Байтұрсынұлының туған күніне орай «Тіл тазалығы» тақырыбындағы іс-шаралар: сынып сағаттары, бейнероликтер, челленджер.	5	640
	2. Сәтбаев қаласының 50 жылдығына арналған іс-шаралар (сынып сағаттары, экскурсиялар, бейнероликтер және т.б.)	2	640
	3. "Мен және спорт» челленджі бейнероликтер, челленджі. (Тоғыз айға тоғыз іс шара жобасы)	2	640
	4. «Төрт тоқсанға –төрт өнер» жобасы «АҚЫНДАР АЙТЫСЫ» (экскурсиялар, сынып сағаттар, дөңгелек үстелдер, көрме, айтыс өнері)	12	640
	5. «Алғыс айту күні» (видео челленджер, құттықтаулар, сынып сағаттары)	3	640
	6. «Әнұран айту» челленджі («Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы)	1	640
	7. 25 қазан – Республика күніне арналған іс-шаралар: (мәнерлеп оқу сайысы, эссе жазу, көрме сайысы, әскери сайысы, сынып сағаттары)	4	359
	8. «Асық ату» челленджі (Тоғыз айға тоғыз шара жобасы)	1	25
	9. «Амал» немесе «Көрісу» күні. (Бауырсақ PARTY)	1	280
	10. «Наурызнама» 16-наурыз – Мәдениет және ұлттық салт дәстүр (тоқыма тоқу, өрім түрлері, танымдық сабақтар)	1	15
	11. 8-наурыз «Ұлттық киім күні» (KIYZ-Fashion) фестивалі «Ақшам телеарнасы»	1	25
	12. «Оқушы». «Мүмкіндік». «Жетістік» мектепшілік жоба. «Бір тал кесен, он тал ек» үштік одақ іс шарасы	1	60

	13. «Шахмат ойыны» Республикалық челленджі (Тоғыз айға тоғыз іс шара жобасы)	1	23
	14. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын қолдау мақсатында «Түлектердің ағаш егу» челленджі	1	23
Ар-ұят	1. «Назар аударыңыздар, балалар!» жедел алдын-алу іс-шарасы бойынша полиция қызметкерлерімен, ата-аналар комитетімен кездесу.	2	192
	2. «Адал ұрпақ» клубы, сынып сағаты	1	278
	3. 21- қазан –Президентін сайлау.	1	129
	4. «Еркін тыныс ал!» біз нашақорлыққа қарсымыз атты жалпы республикалықфлешмоб.	1	60
	5. «Ғаламтор және әлеуметтік желілер арқылы теріс діни ағымдарға тарту» тақырыбында кеншілер ғимаратында кездесу.	2	120
	6. Буллинг және кибербуллингтің алдын-алуға арналған іс-шаралар: (сынып сағаттары, тренингтер)	2	359
	7. Әскери-патриоттық тәрбие (кездесу кештері, сайыстар)	2	55
	8. «Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күні» (сынып сағаттары, эвакуациялық іс-шаралар, әскери-патриоттық тәрбие)	3	600
	9. «Есірткісіз қоғам» (түсіндірме жұмыстары, психологиялық тренингтер)	2	129
	10. «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» (дөңгелек үстел, тренингтер, дебат)	2	129
	11.«Қатыгездіксіз және зорлық –зомбылықсыз балалық шақ» ПБ ЖПҚБ ЮПТ кездесу, түсіндірме жұмыстары	4	300
	12. «Жемқорлықпен күресу-басты міндетіміз» сынып сағаттары, «Адалдық дүкені» жұмысы	2	637
	13. Ұлдар жиналысы	2	70
	14. Құқық бұзушылықпен қылмыстың алдын –алу бойынша құқық қорғау органдарының басшысымен кездесу, мектепшілік есепте тұрған оқушылармен түсіндірме жұмыстарын жүргізу.	2	167
	15. «Баланы тәрбиелеме, өзінді тәрбиеле» кітабы бойынша Марафон ұйымдастыру. (ата-аналармен)	1	25

	16. Мектепшілік ата-аналар жиналысы. Қауіпсіз жаз-2024	1	123
Талап	1. Білім күні: Сынып сағаттары Салтанатты жиын	2	640
	2. «Денсаулық және спорт фестивалі - 2023» (челлендж, эстафеталар, ойындар).	2	450
	3. Отбасы күніне арналған іс-шаралар (тренингтер, бейнероликтер)	3	80
	4. Мектеп парламенті (дублер күні)	2	23
	5. «Оқуға құштар мектеп» атты дебат клубы.	3	207
	6. «Әкелер кеңесі» жобасы.	1	28
	7. «Кәсіби бағдарлау болашақтың сенімді қадамы» (тренинг, ата-аналар жиналысы)	1	40
	8. 1-қазан – Қарттар күні (бейнероликтер байқауы)	1	15
	9. «Ұстаз – мектептің жүрегі» атты мұғалімдер күніне арналған іс-шаралар. Сыныпсағаттары. Мектеп Парламентінің құттықтауы, салтанатты жиын құттықтау бейнероликтері, мектеп қабырғасында Еңбек ардагерлерімен кездесу.	5	640
	10. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жобасы (тақырып бойынша тренинг- сабақтар)	8	200
	11. «Даналық мектебі» клубының жұмысы (әжелер мектебі, әкелер мектебі, жеңгелер мектебі)	3	60
	12. «ДОСБОЛ LIKE» акциясын ұйымдастыру. (сынып сағаттары, бейнероликтер)	2	600
	13. «Әншуақ фестивалін ұйымдастыру	10	400
	14. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толуына орай сынып сағаттары өткізілді	2	637
	15. «Шомылу маусымы кезеңіндегі қауіпсіздік шаралары» сынып сағаты	1	637
	16. 24-сәуір «Бүкіләлемдік туберкулезбен күресу» күніне орай сынып сағаттары өткізілді.	1	637
	17. Республикалық экологиялық акция. «Жасыл Қазақстан» ағаш отырғызу іс-шарасы	1	60
	18. 7 Мамыр-Отан қорғаушылар күніне арналған сынып сағаттары	1	637
	19. «Асық – асыл қазына» облыстық асық ойындары челленджі	1	65
	20. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын	1	23

	қолдау мақсатында «Түлектердің ағаш егу» челленджі		
	21. «Білімім-Отаныма» жалпы республикалық біріңғай тәрбие сағаты	1	637
Қорытынды:		119	100%

3. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру.

Азаматтық пен патриотизмді қалыптастыру бүкіл мектеп жолында бірінші сыныптан бастап он бірінші сыныпқа дейін жүреді. Дәстүр бойынша мектепте барлық мемлекеттік және Ұлттық мерекелер атап өтіледі. Оларды дайындау кезінде барлық оқушылардың мәдени және тәрбиелік мүдделері ескеріледі, адамды көпұлтты мәдениеттердің құндылықтарына бейімдеу, әртүрлі дәстүрлері бар адамдардың өзара әрекеттесуіне үйрету және әртүрлі халықтар мен ұлттардың мәдениеттерінің тепе-теңдігі туралы түсінік қалыптасады.

Мектебімізде «Жастар» және «Мәртебе» дебат клубтары жұмыс істейді. Шешендік шеберлікті, логиканы, сыни ойлауды және жастардың көшбасшылық қасиеттерін дамытуды жүзеге асыратын оқушылардың ерікті бірлестігі. Пікірсайыс қозғалысының негізгі мақсаттары:

өскелең ұрпақ арасында "Мәңгілік Ел" қағидаттарын дамыту;

оқушылардың Қазақстан тарихы мен мәдениетіне, өлкетануға деген ызығушылығын дамыту;

ғылыми-зерттеу қызметінің негізгі дағдыларын қалыптастыру;

командада жұмыс істей білу;

көшбасшылық қасиеттерді дамыту; саяси белсенді, өз ұстанымын қорғауға қабілетті, ел тағдыры үшін жауапкершілікті сезінетін Қазақстан азаматын тәрбиелеу.

Дебат клубында: жастар жылына арналған 9-11 сынып оқушылары арасындағы "Ел болашағы – жастар" атты дебаттық турнир;

"Қазақстан – құқықтық мемлекет" айлығы аясында оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру бойынша мектеп турнирлері:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – уақыт талабы!»;

Демократия – басқарудың ең жақсы түрі;

Балаларға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездік;

Экология – бұл белгілі бір инстанциялар емес, әрқайсымыздың ісіміз;

Дебат жетекшілері «Дебат қозғалысы – сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру құралы» тақырыбында семинар өткізді. Семинар барысында пікірталастардың маңыздылығы мен олардың жастардың жеке басына әсері талқыланды. Сонымен қатар, ақпаратты талдау, командада жұмыс істеу, сұрақтар қою және оларға жауап беру дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар түрлері ұсынылды.

Мектеп атынан «Томирис» тобы қатысып, фракция мүшесі Өмірзақ Айша Үздік спикер атанды. Жоспар бойынша қазақ тілі және тарих пәнінің мұғалімдері 8-9 сынып оқушыларымен пікірсайыстар ұйымдастырды. «Сұңғыла сөз» білім беру ұйымдарының педагогтері арасындағы қалалық пікірсайыс турнирінің «Үздік оратор» номинациясы иегері. Сәтбаев қаласының 50 жылдығына орай ұйымдастырылған қала «Әкімінің кубогы» үшін облыстық пікірсайыс турниріне команда дайындағаны үшін Алғыс хат. «Жастар жарқын болашаққа» тақырыбындағы

Жезқазған қалалық пікірсайыс турнирінен «Үздік төреші» номинациясы иегері дипломымен марапатталды.

«Тәуелсіздік-мәңгілік елдің тұғыры» тақырыбындағы қалалық пікірсайыс турнирінен «Семсер» фракциясы Алғыс хат, Жездібаев Мұхамедәлі Үздік спикер диплом иегері, Қуаныш Аңсар Үздік спикер диплом иегері, «Тәуелсіздік-мәңгілік елдің тұғыры» тақырыбындағы қалалық пікірсайыс турнирінен «Дарабоз» фракциясы Алғыс хат.

Ұсынылған материалда оқушыларды үйірмелермен және спорт секцияларымен қамту оң динамиканы көрсетеді. Үйірмелер мен спорт секцияларының жетекшілері балалардың шығармашылық белсенділігін дараландыруға және қалыптастыруға көп көңіл бөле отырып, заманауи технологияларды қолданады.

ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттау

